

Жер салығының мөлшерлемелері туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2018 жылғы 8 қазандағы № 36-6 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 қазанда № 3974 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 ақпандағы № 13-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 23.02.2024 № 13-4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 509, 510 баптарына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Тараз қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Барлық автотұрақтарға (паркингтерге) біркелкі санат белгіленсін және Тараз қаласында автотұрақтарға (паркингтерге) бөлінген жерлерге "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 505-бабы кестесінің 3-бағанында белгіленген жер салығының базалық мөлшерлемелері он есеге ұлғайтылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес жүргізілетін жерді аймаққа бөлу жобалары (схемалары) негізінде, Тараз қаласы бойынша Кодекстің 505 бабымен белгіленген жер салығының мөлшерлемелері:

1) тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерді қоспағанда, елді мекендердің жерлеріне № 1 аймақта 50 пайызға, № 2 аймақта 30 пайызға, № 3 аймақта 15 пайызға, № 4 аймақта 10 пайызға арттырылсын;

2) № 1, № 2, № 3, № 4 және № 5 аймақтарда тұрғын үй қоры, оның ішінде оның жанындағы құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерге 40 пайызға арттырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау және интернет-ресурстарында жариялауды қалалық мәслихаттың бюджет және қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қалалық
мәслихатының хатшысы*

Б. Құлекеев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК